


Бекітілді:
Қуаныш


ЦИКЛОГРАММА
1 апта. 21.02-25.02 Наурыз айы 2022ж.
«Ақбота» ересек тобы


Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»
Тақырыпша. «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры-1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №9 Пед жет ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 4 Құрлымдалған ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы білім түсініп, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 5 Пед жет ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқанишылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді. 4К моделі, бала үні.	Картотека №15 Құрлымдалған ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №17 Құрлымдалған ойын «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады. 4К моделі, бала үні.
	Әлеумет саласы картотекасынан . Картотека қосымша тізілген.				
Таңертеңгі гимнастика	Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу. ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №1 /құралсыз, әуенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру. Қол бүйірде өкшемен жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.				

	<p style="text-align: center;">Негізгі бөлім:</p> <p>«Ара ұшты» Аяқтар алишақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иірту. «3-3-3» /5 рет / Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» 2. Аяқтары алишақ қойылған, қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /6 р/ Б.қ. : «Қайшы» 3. Аяқтары алишақ қойылған, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет / Б. қ.: «Қоян қапты» 4. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. Тыныс алу жаттығулары: Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу Қорытынды: - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүзгіру. Шеңбер бойы маршпен жүру.</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жезуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз</p>				
<p>Ойындар, ҰОҚ дайындық</p>	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. Төрт түліктің пірін ата? 1) Түйе атасы –Ойсыл қара 2) Жылқы атасы- Қамбар ата 3) Сиыр атасы- Зеңгі баба 4) Қой атасы- Шопан ата</p>				
<p>Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Геометриялық пішіндер Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір бірінен ажырата біледі. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанана бақылау Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру:</p>	<p>1. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2. Орыс тілі маман жоспары бойынша 3. Сурет салу. Тақырыбы: «Қуыршақ Сәуленің киімі» Мақсаты: Ұлттық киімдер туралы түсініп, киімді өрнектеу, әшекейлеуді біледі. Ресурстар: АҚТ технологиясы, Наурыз суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы:</p>	<p>1. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Торсық» Мақсаты: Халық шеберлерінің еңбегі торсық туралы түсінеді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанана бақылау ҰОҚ өтілу барысы 1.Кіріспе Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шанишылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бесік жырғы» Мақсаты: Шағын әңгімелер құрастырып, ойын арқылы салт-дәстүрді түсінеді. Ресурстар: АҚТ технологиясы, бесік, хат. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы. Жағымды психологиялық ахуал орнату. «Жүректен жүрекке» тренингісі бойынша шеңбер құрып, бір-біріне жақсы тілек тілектерін айтады. Ой шақыру. Балалармен әңгімелесу.</p>	<p>1. Құрастыру Тақырыбы: «Сиқырлы зәулім үй» Мақсаты: Сәйкес белгілері бойынша біріктіре отырып, жұмыс жасай алады. Ресурстар: Үй суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау, ҰОҚ жүргізілу барысы Біздің топтың ұл-қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға,</p>

<p>Қар мұз еріп су көбейіп, Сай -салаға толады, Бүршік шашып, жапырақ ашып. Жер гүл моншақ тағады. Бұл қай кезде болады? Көктем мезгілінде неше ай бар? Оларды атау. Сыни ойлау, коммуникатив дағды Тосын сәт. Хатшы хат әкеледі. Балалар бізді көктем ханшайымы қонаққа шақырды. Барамыз ба? Ой қозғау. -Немен барамыз? Балалардың жауаптары. - балалар, біз көктем ханшайымына ерекше көлікпен барамыз, қандай көлік екенін білгілерің келе ме? - Біз сиқырлы кілеммен барамыз Кілемді балаларға көрсету. Ой-ой балалар кілем тесіліп қалыпты Біз бұлай ұша алмаймыз Олай болса балалар бәріміз бірігіп кілемді дұрыстайық қараңдаршы бұл тесіктер.Неге ұқсайды? Дұрыс , олай болса кілемді Геометриялық пішіндермен жамайық. Сендер қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? Құрлымдалған ойын: «Кілемді жама» Шарты: Кілемді пішіндермен жамау. Балалар міне кілем дайын болды, ұшуға дайындайық. Көктем ханшайымы қарсы</p>	<p>Кіріспе: Қызығушылықтарын ояту Тосын сәт. Қазақша киім киген Айгүл қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Ой қозғау Балалар қуыршақ үстінде қанадай көйлек бар? Түсі қандай? Көлегі қандай? (өю- өрнектермен әшекейленген) Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Ой дамыту.АҚТ технолог Ою –өрнектер туралы түсінік беру. Слайд арқылы көрсету «Ирек», «құс - қанаты», «тышқан ізі». Пед жет ойын. «Қандай ою?» Балалар Сәулеге жаңадан көйлек сыйлыққа берейік. Сурет салу барысын түсіндіру, көрсету. Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау Ресурстар арқылы Сергіту сәті (саусақ жаттығуы): Мынау менде басбармақ, Бар жұмысты бастамақ. Төрт досы бар өзінің, Кәне, кәне санайық, Санын біліп алайық, 1,2,3, 4 Басбармақ, балан үйрек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Балалардың өз бетінше жұмысы 1-ші топ дайын көйлекке фламастермен қызғалдақ оюын салады.</p>	<p>Балаларды ойын ойнауға шақыру. Пед жет ойын: «Сиқырлы дорба» Ойын шарты. Балалар әр затты мұқият қарап шығып,олардың атын атап береді. кесе, ожау, табақ, торсық) Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Ой қорыту. АҚТ көмегімен торсықтың суреттерін көрсету. «Торсық» ыдысының пайдасы, қолданылуы жайында түсінік беру.</p>  <p>Сергіту сәті Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір отырып, бір тұрып Бір тынығып алайық Балалар,осы ұлттық бұйым,қымыз құятын әдемі торсықты мүсіндейік. Жұмыс барысы 1. Тұтас ермексаздан конус жасаймыз. 2. Төменгі оң және сол жақ шеттерін созып, жоғары қарай ақырын иеміз. Қауіпсіздік ережелері: Ермексазды ауызға салма. Жұмыс соңында жабысқан ермексазды кескішпен тазала. Жұмыс істеп болған соң, қолыңды сабындап жу. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсету. Креативтілік дағды, сыни ойлау,</p>	<p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? — Көктем айларын атаңдаршы? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясы. Теледидардан әже шығып амандасу. Балалар немеремді бесікке салайын деп жаттығармын. Сендерді де қонаққа шақырамын. Мынау сиқырлы кілемше, осы кілемшемен тезірек ұшып келулеріңе болады. Көзімізді жұмамыз. 1,2,3 кілемше ұш. Сиқырлы кілемшемен әже ауылына бару. Әже балаларды қарсы алады. Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, жаппай бақылау. Ой дамыту. Бесік жырғы туралы әңгімелейді. Балаларға бесіктің ағаштан жасалғанын балаларға көрсетеді. Бесікке салу. Бесік – қасиет-ті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге тапсырылады. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Шілдеханана – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық,той. Жастар жиналып, ән салып, домбыра тартып, өлең-жыр айтады. Сол күні баланы шілде суына шомылдырып, суға сыңғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен</p>	<p>Тек жақсылық ойлайды. АҚТ технол жұмыс. Пед жет ойын: Жұмбақ жасару. Жалтылдап қалағы, Салатын кім қаланы? (Құрлысшы.) Ой қозғау. -Құрылысшы дегеніміз кім? -Олар не тұрғызады? Балалар бүгін бәріңіз құрлысшы болып өздеріңізге әдемі үй жасайсыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Пед жет ойын: «Пішіндерді ата» Шарты. Берілген пішіндерді дұрыс атау. Осы пішіндерден не құрастыруға болады? Үлгі көрсету түсіндіру. Балалардың өзіндік жұмыстары. Балалар үйді конструктордан, кубиктерден тұрғызады. Бас бармақ әдісі арқылы балалар бірі бірінің жұмыстарын бағалайды. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Қорытынды Құрлымдалған қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» -Балалар құрылысшы дегеніміз кім?</p>
--	---	---	---	---

<p>алады. <i>Көктем ханшайымы: Қош келдіңдер, балалар! Балалар сендердің келетіндеріңді біліп, кездесуіміз қызықты өту үшін бірнеше тапсырмалар дайындап қойдым. Осы тапсырманы дұрыс орындап берсеңдер сендерге сыйлығым бар.</i> <i>Орындаймызба?</i> <i>1-ші тапсырма</i> <i>Құрлымдалған ойын: «Құрлысшылар»</i> <i>Шарты: Дьенеш технологиясы арқылы үй құрастыру.</i> <i>Креативтілік дағды, сыни ойлау.</i> <i>Сергіту сәті.</i> <i>Бойыңды сергек тік ұста, Емін еркін тыныста, Сол қолыңды соз алға, Үшбұрыш сыз ауада, Оң қолыңды соз алға, Дөңгелек сыз ауада</i> <i>2-ші тапсырма.</i> <i>Пед жет ойын: «Түсін ата»</i> <i>Шарты: пішіндердің түсін ажырату</i> <i>Коммуникативтілік дағды , сыни ойлау.</i> <i>Жарайсыңдар балалар бәріне дұрыс жауап бердіңдер.</i> <i>- Менің тапсырмаларым сендерге ұнады ма? Енді балалар серігіп алайық:</i> <i>3-тапсырма: Балалар, менде бірнеше суреттер бар. Олар қандай пішіндерге ұқсайтының табу керек.</i> <i>Пед жет ойын: «Неге құсайды?»</i> <i>Шарты: Тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді. Балалар бір</i></p>	<p>2-ші топ дайын үлгіге каранадашпен толқын оюын салады. Креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау, өнім арқылы саралау. <i>Жеке көмек.</i> Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» <i>Шарты: Көрме ұйымдастырып, қуыршаққа көйлекті сыйға тарту.</i> Қорытынды. <i>Көрме ұйымдастыру.</i> <i>Балалардың жұмысына талдау жасау.</i> <i>сұрақ-жауап арқылы мақтап, мадақтау.</i></p>	<p>бала үні. <i>Құрлымдалған ойын: «Шебер қолдар»</i> <i>көрмесін ұйымдастыру.</i> <i>Балаларды жұмыстарын талқылау.</i> <i>Қорытынды .</i> <i>Балалар бүгін біз немен таныстық?</i> <i>Не жасадық?</i> <i>Балалардың жауаптары.</i> <i>Балаларды мақтап, мадақтау.</i></p> <p>2. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p>	<p>бірге байлық та тілейді. <i>Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды.</i> <i>Сергіту сәті:</i> <i>Бала, балақан,</i> <i>Қане қайсы алақан</i> <i>Саусақтарың әйбәт,</i> <i>Былай – былай ойнат.</i> <i>Пед жет ойын: «Бөпені бесікке бөлейміз»</i> <i>Шарты: Баланы бесікке салып, бөлеп үстіне жапқыштарын жабады.</i> <i>Бесікті тербетіп отырып әжей әндемеді, балалар қосылады.</i> <i>«Бесік жыры»</i> <i>Әлди, әлди бөпешім,</i> <i>Әлпештеген көкешім.</i> <i>Тербетейін жата ғой,</i> <i>Тәтті ұйқыға бата ғой.</i> <i>Әлди, әлди бөпешім,</i> <i>Сендей сәби жоқ, көкешім,</i> <i>Атам, әжем дейсің бе?</i> <i>Тілің тәтті бөпешім.</i> <i>Креативтілік дағды, коммуникативтілік дағды</i> <i>Әжемен қоштасып балабақшаға оралу.</i> <i>Сиқырлы кілемше</i></p>  <p><i>Сөздік жұмыс.</i> <i>бала, бесікке бөлеу, атаның бата беруі, той, балаңыздың бауы берік болсын.</i> <i>Ой қозғау.</i> <i>Балаларды топқа бөлу.</i> <i>Оқу ортасы арқылы саралау.</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Шеберлер»</i></p>	<p>-Құрылысшылар не салады? Жарайсыңдар, балалар! Сендер құрылысшы ағайлар секілді үйді өте мықты, әдемі етіп жасадыңдар. Балаларды мадақтау. <i>2.Сөйлеуді дамыту</i> <i>Тақырыбы:</i> <i>«Наурыз көктем»</i> <i>Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсіне отырып, өз ойын айта алады.</i> <i>Ресурстар: АҚТ технологиясы, Наурыз суреттері</i> <i>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.</i> <i>ҰОҚ жүргізілу барысы.</i> <i>Психологиялық көңіл-күй.</i> <i>-Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі?</i> <i>Көктем мезгілінің қай айы?</i> <i>Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?</i> <i>Мнемотехника «Көктем»</i> <i>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.</i> <i>Қызығушылықтарын ояту.</i> <i>Тосын сәт.</i> <i>Топқа Тазша бала келеді.</i> <i>Тәрбиешімен, балалармен амандасады.</i> <i>Тазша: - Балалар, елге</i></p>
---	--	---	--	---

	<p>суреттен алып пішіндердің астына жабыстырады. Мысалы: алма - дөңгелектің астына, ал пирамиданы - ұшбұрыштың астына. Сыни ойлау, креативтілік дағды, жанама бақылау. Балаларды мадақтау. 4-Тапсырма: Пед жет ойын: «Жоғалған пішінді тап»</p>  <p>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. - Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар. Олай болса, балалар менің сыйлығымды қабыл алыңдар. Бұл сиқырлы геометриялық пішіндер. Оларға қарап сендер пішіндерді ұмытпайсыңдар. Көктем Ханишайыммен қоштасу. Балабақшаға оралу. Қорытынды: -Балалар біз қайда бардық? - Қандай тапсырмалар орындадыңдар? -Қандай әсер алдыңдар? Сыни ойлау, бала үні. Балаларға алғыс айта отырып, мадақтау.</p> <p>2..В.К «Тастар сыры» Тақырыбы: «Тастардың барлығы қатты ма?» Әдіс тәсілі: 1.Дид.ойын «Бұл не ?» (құрылымдалған ойын)</p>			<p>1-ші топ. Бесікті құрастыру. 2-ші топ Киіз үй құрастыру. Шарты: Берілген тапсырмаларды суретке қарап құрастырып, ойларын айту. 4К моделі, бала үні, Өнім арқылы саралау, жаппай бақылау. Қорытынды. Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық? Әжей немересіне қандай өлең айтып береді? Бесік қандай заттан жасалған? Балаларды мақтап, мадақтау. 2.В.К «Әсем бояулар» Тақырыбы: «Сиқырлы орманға саяхат» Әдіс тәсілдері: 1.Композициямен жұмыс жұмыс 4к креативтілік, топтық жұмыс 2. Сұрақ-жауап Бала үні 3.Бағалау көңілді күлегеітермен 3.Музыка маман жоспары бойынша 4. Жаратылыстану Тақырыбы: Қазақстанның Қызыл кітабы Мақсаты: «Қызыл кітапқа» енгізілген және жойылып кету қаупі төнген жануарларды атай алады. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама</p>	<p>көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады.. Наурыз мерекесі туралы сендер не білесіңдер? Балалар Тазша балаға наурыз мерекесі туралы слайд көрсетейік. АКТ технологиясы «Наурыз» мейрамы. Ой дамыту. Наурыз-думан мерекесін бүкіл халық тойланады. Қазақ даласына жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңелеінкесі келді. Мал төлдеп, қозы-лақтар ойнап, табиғат оянаттын кез. -Ата-бабамыз осы мереукені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Қазақтың кең дастарқаны жайылады. Қазақтың ұлттық киімдері киіледі. Алтыбақан, той-думан болады. Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі. Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар. Үдеріс арқылы саралау, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау. Сергіту сәті. Қара жорға биі Наурыз көже. Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру. Наурыз көже Наурыз мерекесінде дайындалатын негізгі</p>
--	---	--	--	---	---

2. Сұрақ-жауап бала үні
3. Бағалау күлегіштермен

бақылау

ҰОҚ өтілу барысы

Кіріспе:

- Армысыз, қайырлы Күн!
- Армысыз, Аспан ата!
- Армысыз, мейірімді Жер-Ана!
- Армысыз, шұғылалы Алтын күн!

Ой қозғау. Тақпақ оқу

«Қызыл кітап» шындықты
Айтуға да арналған.

Жою керек сұмдықты,

Жойылмасын бағалы аң.

Қорғау керек аңдарды

Бара жатқан сиреп көп.

«Қызыл кітап» ал мына

Жұртты соған үйретпек.

-өлеңде қандай кітап туралы
айтылған?

- Қызыл кітап деген не?

- Ол не үшін қажет?

-Қызыл түс нені білдіреді?

**Сыни ойлау, коммуникативтік
дағды.**

Ой дамыту. АҚТ технол

Қызыл кітап туралы түсінік

беру: Бейнефильм көрсету.



- Қызыл кітапқа сирек
кездесетін, жылдан- жылға
азайып не жойылып бара
жатқан, сон-дықтан да
айырықша қорғауды қажет
ететін жануарлар мен
өсімдіктердің түрлері тіркеле-
ді. Жойылу қауіпі төнген (саны
сиреп бара жатқан) түрлерді
сақтап қалу үшін оларды
зоологиялық парктерде қолдан
өсіріп, көбей-ту шаралары
қолға алынған. Біздің елімізде

тағам. Оған жеті түрлі
дәм қосылады. Бидай,
ет, тұз, сүт, бұршақ,
сары май, құрт немесе
айран қосылады.

«Жеті» қасиетті сан.
Пед жет ойын: «Атын
ата»

Шарты: көжеге
қосылатын тағамдарды
атау.

Сыни ойлау,
коммуникативтік дағды.

Тазша: - Балалар, рахмет
сендер наурыз мерекесі
туралы көп түсінік

беріп жатырсыңдар.

Тәрбиеші: Наурыз
мерекесінің сәні ұлттық

ойындар. Сендер қандай
ұлттық ойындарды

білесіңдер?

Балалар: - «Бәйге»,
«Алтыбақан», «Арқан

тартыс», «Қыз қуу»,
асық ойындары,

«Көкпар» т.б..

Құрлымдалған қимылды
ойын: «Арқан тартыс».

Командада жұмыс,
жаппай бақылау.

Қорытынды.

Балалар, Наурыз туралы
көп біледі екенсіңдер.

Тазша бала балаларға
рахмет айтып

қоштасады.

Бүгін не туралы
айттық?

-Наурыз қандай мереке?

-Қандай ұлттық
ойындарды білесіңдер?

Балаларды мадақтау.

3. Дене шынықтыру

				<p>жойылып бара жатқан жануарлар мыналар: барыс, ілбіс, қоңыр аю, бүркіт, дегелек, т.б. Ал өсімдіктерден қызғалдақ, сексеуіл т.б. Қызыл кітапқа енген бір өсімдіктер туралы түсінік беру.</p> <p>- Балалар, қалай ойлайсыңдар неге жануарларды қорғау керек?</p> <p><i>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау.</i></p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Шарсасаңдар балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар. Қолдарыңды сермеңдер, Міне ,былай!</p> <p><i>Құрлымдалған ойын: «Жануар құрастыр»</i></p> <p>Шарты: Кесілген суреттерден жануарлардың суреттерін құрастырады. Құрастырған жануардың атын атайды, оны сипаттайды</p> <p><i>Қреативтілік , комуникатив дағды, сыни ойлау, жанама бақылау.</i></p> <p><i>Пед жет ойын:</i> <i>: «Қызыл кітап»</i></p> <p>Шарты: Тақтаға бүркіт, қызғылт қаз, т.б. жануарлардың суреттерін ілу. Балаларға оларды қорғау шараларын айтқызу.</p> <p>7.Қорытынды. Балаларды мадақтау</p>	<p>маман жоспары бойынша</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>				

Серуен:	Серуен № 1 Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 2 Бақылау. Құстарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 3 Бақылау. Қараторғайды бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 4 Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 5 Бақылау. Ауа райын бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.					
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Жаттығу кешені № 13 Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Жаттығу кешені №15 Тыныс алу жаттығуы: Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық. Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Жаттығу кешені № 11 Майтабанның алдын алу. Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру. Гимнастикалық жолдан жүру Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Жаттығу кешені № 14 Балапандар. Ояту Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Жаттығу кешені № 12 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Ояту Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. Созылу <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека № 20 Құрлымдалған ойын: <i>«Кеңістікті бағдарлау»</i> Мақсаты: балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №18 Құрлымдалған ойын: <i>«Көп және біреу»</i> Ойынның мақсаты: көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: <i>«Айырмашылығын тап»</i> Мақсаты: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека №17 Құрлымдалған ойын: <i>«Төртінші артық»</i> Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты алып тастауды біледі. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>	Картотека № Құрлымдалған ойын: <i>«Жол картасын бейнеле»</i> Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді. Жеке баламен жұмыс Педагог жоспары бойынша Еркін ойын Жанама бақылау., <i>4К моделі, бала үні.</i>

МАТЕМАТИКА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	<p>Серуен № 1 Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындырмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» Жеке жұмыс. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю. Көркем сөз: Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болмақ еңбек еткенің. Келмесе шамаң екенге, Сындырма жұрттың еккенін. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Серуен № 2 Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты. Сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Ақ серек, көк серек» Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру Еңбек. Телімді жинастыру. Көркем сөз: Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Серуен № 3 Бақылау. Қараторғайды бақылау Мақсаты: Құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету.Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру. Қимылды ойындар: «Арқан тартыс», Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету. Еңбек. Құстарға жем шашу. Көркем сөз: Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды) 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Серуен № 4 Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа, масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал» Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру. Көркем сөз: Құмырсқа батыр, Қимылдап жатыр Алды да ырған, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырған. Жалқауға күллі Құмырсқа үлгі. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Серуен № 5 Бақылау. Ауа райын бақылау Мақсаты: Ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. Қимылды ойындар: «Кеглиді көздеп құлат» Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру. Еңбек. Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су) 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>
СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ					
Балалардың үйге қайтуы	Балаланы балалабақишаға уақытында әкелулерін ескерту.	Консультация для родителей: «Весна» выучить стихи наизусть орыс тілі жетекшісі	Ата-анаға балаларының балабақишадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	«Ана», «Көктем» туралы тақпақтарын жатқа айтқызу

Бекітілді:
Қуаныш

ЦИКЛОГРАММА
Папта . 28.02-04.03 Наурыз айы 2022ж.
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»
Тақырыпша: «Ертегілер елінде. Театр әлемі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры-1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №2 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы жануарларды өз мекеніне орналастыра алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №9 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Қай жануар артық» Мақсаты: Берілген суреттен артық жануарды тауып, сипаттап айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №11 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №10 <i>Құрлымдалған ойын:</i> Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауды біледі. 4К моделі, бала үні.	Картотека №14 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Дастархан мәзірі» Мақсаты: балалар тағамдардың жалпы және жеке атауын ажыратып атай алады. 4К моделі, бала үні.
	Қатынас саласы картотекасына				
Таңертеңгі гимнастика	Наурыз айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету № 2 /сылдырмақпен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Негізгі бөлім: Б.қ.: «Кобелек қонды» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет/				

	<p>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» 2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет/ Б.қ.: «Қайшы» 3. Аяқтар алишақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет / Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хон» деп айту. /6 рет / Тыныс алу жаттығулары: Шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.</p>				
Таңғы ас	<p><i>Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».</i> <i>Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.</i> <i>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул</i></p>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<p><i>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</i> Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. «Жұмбақтар жасасу» <i>Суда мұз бар, Жерде қар бар.</i> <i>Боран боп соғады, Бұл қай мезгілде болады? (Қыс)</i> <i>Жалт-жұлт етеді,</i> <i>Ұстасан еріп кетеді. (Қар)</i> <i>Қолы жоқ сурет салалды,</i> <i>Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)</i></p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: Таңертең. Біреу – көп Мақсаты: тәулік бөлігімен таныса отырып, заттың санын ажырата алады. (бір – көп) Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе:. Үлкендерге сіз, Кішіге де сіз. Бар адамға құрметпен, Бас иеміз біз. Қызығушылықтарын ояту. Пед жетт ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасасу.</p>	<p>1.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2. Сурет салу Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: Ертегі кейіпкерінің бейнесін салуды және жануарлар мен адамның ерекшелік-терін айыра алады. Ресурстар: АҚТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау, ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбер. Қызығушылықтарын ояту. <i>Балалар мен қонаққа ертегіші Ерден атайды шақырып едім.</i> АҚТ технологиясы. <i>Балалардың назарын</i></p>	<p>1. Жапсыру Тақырыбы: «Алдаркөсенің ішігі» Мақсаты: Балалар үлгімен жұмыс істеуді, композицияның бөліктерін дұрыс орналастыра алады. Ресурстар: АҚТ технол, Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе: Шеңбер болып тұрайық Алақанды ашайық Таза ауаны жұтайық Жүрекке жылу сыйлайық Жыйналған жылу жүректі Бір-бірімізге сыйлайық Ой қозғау. АҚТ технолог Ертегі тамашалайды.</p>	<p>1 Көркем әдебиет. Тақырыбы: Құмырсқа мен көгершін Мақсаты: Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау арқылы байланыстыра сөйлеуді біледі Ресурстар: Ертегі суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе:Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілейміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Ой дамыту. Мнемотехника</p>	<p>1. Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы:Менің елімнің салт-дәстүрі. Мақсаты:Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныса отырып, бесік жыры, тұсау кесу,бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінеді. Ресурстар: АҚТ технологиясы, Наурыз суреттері Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ жүргізілу барысы: Кіріспе:. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерің Жарқырайды тобымыз Қызығушылықтарын</p>

<p><i>Туіскенді түйреген, Киім бар инеден. (Кірпі) Сыни ойлау, бала үні. Ғажайып сәт. Ойыншық кірпі келеді. –Балалар, бүгін бізге қонақ келгенін білесіңдер ме? Ол бізге тәулік бөліктері туралы әңгімелеп бермекші. Кірпі фланелеграфпен ілінген «Тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн» суретіне назарларын аударады. Ой дамыту. Суретпен жұмыс. – Таңертең үлкендер жұмысқа, ал балалар балабақшаға, мектепке барады. Күндіз үлкендер жұмыс істейді, ал балалар сабақ оқиды. Кешке бәрі демалады, ал түнде ұйықтайды. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы Балалар, кірпі тапсырма әкелген. Орындаймыз ба тапсырмаларды? 1-тапсырма. Пед жет ойын: «Бұл қай кезде болады?» ойыны. сұрақтар қояды: -Біз таңертең не істейміз? -Түсте не істейміз? -Кеште не істейміз? Балалардың жауаптары. Сыни ойлау, коммуникатив дағды. 2- тапсырма Құрлымдалған ойын: «Үлкен және кішкентай» Шарты: Сызықпен қос. Кірпі балалардан суреттен оның достарын табуды ұсынады.</i></p>	<p><i>бейнетаспаға аудару. (Бейне таспа арқылы ертегіші атай Ерден келеді). Балалардан қандай ертегі білетіндерін сұрайды. Сыни ойлау, Бала үні Ой, балалар, сендер көп ертегі біледі екенсіңдер Ерден ата жұмбақ жасайрады. Пед жет ойын: «ім тапқыр?» От басында құмған, Екі көзін жұмған. Ол не? -Мысық қай ертегіде кездеседі? Ерден ата : Маған осы ертегідегі кейіпкерлердің суретін салып беріңдерші? Балалар ертегіде қандай кейіпкерлер бар еді? Мазмұн арқылы саралау. Бала үні Топқа бөлу Ертегі кейіпкерлері арқылы. 1-топ .Мысық 2-топ. Мақтақыз 3-топ. Тауық Сергіту сәті. Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір. Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. 1-топ . Мысықты қылқаламмен жағып, мақталы таяқша мен дене бөліктерін бояу. 2-топ. Мақата қызыдң суретін трафарет арқылы</i></p>	<p><i>-Балалар, ертегі кім туралы? -Қазір эрнанн көрген алдар көсені көз алдымызға елестетіп көрейік. -Кім айтады, ол қандай адам? -Алдаркөсе неге тоңды? -Ал,алдаркөсенің шапаны ше? -Алдаркөсенің алдынан кім шықты? - Байды қандай адам деп ойлайсыңдар? -Алдар көсе не ойлайды? -Қандай мезгіл болды? Үдеріс арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау, коммуникатив дағды. Пед жет ойын: «Ұлттық киімдерді ата» Шарты: экранда көрсетілген киімдерді атау. Ал балалар біз қазір Алдаркөсенің шапанын жасауды үйренеміз. Қауіпсіздік ережесі 1.Қайшыны ауызға салуға болмайды. 2.Желімді аузымызға салуға болмайды. 3.Қайынышымен жұмыс жасағанда абайлап жұмыс істеу керек. Блум таксономиясы. Балалардың өз бетінше жұмысы. Құрлымдалған ойын: «Жамауды жама» 1. түрлі түсті үлкен, кіші қиықтарды қырқып алу 2.Қиып алған түрлі түсті қиықтарды шапанға өз қалауларыңмен «жамау-ларды» жапсырып фло-мастермен тігіс салу. 4К моделі, бала үні, өнім арқылы саралау Балалардың жұмыстарын</i></p>	<p><i>«Көктем» Миға шабул. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. 1.Бейбітшілік құсы деп, Атайды оны барша жұрт.(көгершін) 2. Бір палуан өзі күшті, қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе, Қайқаңдап аса берер бәрінен де ол. (Құмырсқа) Балалардың жауаптары. Ой дамыту. «Құрмысқа мен көгершін» деген әңгімесін слайд арқылы көрсетіп айту. Көгершін ,құмырсқамен таныстыру. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы Ой қозғау. Сұрақ-жауап -Әңгіме қалай аталады? -Құмырсқа мен көгершін бір-біріне қандай көмек көрсетті? -Құрмысқа қандай жәндік? -Көгершін қандай құс? -Көрдіңдер ме,балалар,екеуі бір-біріне көмек көрсетіп,осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты.Ендеше сендер де, балалар,бір-бірлеріңе мейірімді, қайырымды болып өсулерің керек. Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Құрлымдалған ойын: «Құстарды ажырат». Мақсаты: Балаларды үй құстары мен дала құстарын ажыратады.</i></p>	<p><i>ояту. Тосын сәт: АҚТ технологиясы. Қонаққа әже келеді. Әже: — Сәлеметсіңдер ме балақандарым. Мен сендерге бүгін қазақтың дәстүрлері туралы айтып беремін. Пед жет ойын: «Кімнің даусы» Шарты: Жылаған бөбектің даусын ажырату. Бесік туралы түсінік беру Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды. Балалар ,қараңдаршы бесіктің де,төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Ой қозғау. —Балалар,айтыңдаршы мынау қандай заттар? Айна, тарақ, пышақты не үшін бөпенің басына қояды?</i></p>
---	--	---	--	---

- Суреттен нені көріп тұрсындар?
 - Кірпілер бірдей ме?
 - Олар қандай екен?
 Балалар енді үлкен кірпіден үлкен кесеге қарай, кішкентай кірпіден кішкентай кесеге қарай жол салыңдар.
 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
 Сергіту сәті.
 Бір деп - тік тұрамыз.
 Екі деп - екі рет айналамыз.
 Үш деп - үш рет секіріп.
 Төрт дегенде - отырамыз!
 3-тапсырма.
 Пед жет ойын:
 «Бір және көп» ойыны.
 Шарты:
 - Ағашта неше алма бар?
 - Жерде неше алма жатыр?
 - Қай жердегі алма көп?



Сыни ойлау, коммуникатив дағды, жаппай бақылау.
 Қорытынды.
 Кірпі: балалар сендер зейінді екенсіңдер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар. Мен сендерге сыйлыққа алма беремін.
 Кірпі балалармен қоштасады. Балаларды мадақтау.
 2. Музыка
 Педагог жоспары бойынша

пайдаланып ішін губкамен бояйды.
 3-топ.
 «Граттаж» тәсілімен тауықты қырып бейнелеу
 Педагогтің жуан сұрақтар қоюы арқылы ұйымдасқан оқу қызметін жалғастыру
 Балалардың жұмысн бақылау.
 Жеке көмек көрсету.
 К/Д ойын: «Көрмелер»
 4 к моделі, бала үні
 Мазмұн арқылы саралау
 Қорытынды.
 Қане, балалар, кім өз суретін Ерден атайға көрсеткісі келеді?
 Ерден атай балаларды мадақтап, қоштасады.
 Балалар, сендерге әр түрлі тәсілмен сурет салған ұнады ма? Қандай ертегі кейіпкерін бейнеледіңдер?
 Балаларды мадақтау

бақылау.
 Жеке көмек көрсету.
 Балалардың жасаған жұмыстарын қарау, талдау, бағалау.
 Сергіту сәті.
 Қара жорға.
 Ұнтаспадан тыңдау.
 Қорытынды.
 Жасалған жұмыстардан көрме жасау.
 Балаларды смайликтер мен мадақтау.
 2. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша

Қорытынды.
 Балалар қандай әңгімемен таныстық?
 -Әңгіме не жайында болды?
 Балалардың жауаптары.
 Мадақтау.
 2. В.К
 «Әсем бояулар»
 Тақырыбы: «Сиқырлы орманға саяхат»
 Әдіс тәсілдері:
 1.Компазициямен жұмыс жұмыс 4к креативтілік, топтық жұмыс
 2. Сұрақ-жауап Бала үні
 3. Бағалау көңілді күлегештермен
 3. Музыка маман жоспары бойынша
 4. Жаратылыстану
 Тақырыбы: Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар
 Мақсаты: Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен танысады. олардың тіршілігі туралы мағлұмат алады.
 Ресурстар: АҚТ, Жануарлар суреттері
 Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы.
 ҰОҚ жүргізілу барысы
 Кіріспе:
 «Кім тез айтады» ойыны.
 Балалар жыл мезгілін, апта күнін айтады.
 2. Ой дамыту. АҚТ технол Бейнетаспа. Қазақстан жері.
 -Балалар, біздің жеріміздің табиғатына қараңдаршы (таудың, даланың әдемі табиғат көрісінісі көрсетеледі).
 Қазақстан жері туралы

айна мен тарақты кішкентай бой жеткен қызымыз «әдемі болсын» деп
 Пышақты бала шошымас үшін жастығының астына қояды.
 Сыни ойлау, коммуникатив дағды.
 Бесікке салу дәстүрі.
 Әже бесікке салуды көрсетеді.
 — Бөнеміздің ұйқысы тәтті болсын деп « Бесік жырын» айтайық:
 Әлди, әлди, ақ бөнем,
 Ақ бесікке жат бөнем.
 Жылама бөнем, жылама,
 Жілік шағып берейін
 Бөнеміз ұйықтасын,
 бесікті тербетейін, ал сендер төбеге арнап тілектеріңді білдіріңдер.
 Балалар тілек тілейді.
 Креативтілік, коммуникативтілік дағды, сыни ойлау, бала үні
 Тұсау кесер салтын көрсету.
 Әже: Баланың тұсауын кесу үшін мына жіптерді дайындадым.
 Ақ жіп қостым – адалдыққа апарсын деп
 Жасыл жіп қостым – гұмырлы, көсегесі көгерген азамат болсын деп
 Қызыл жіп қостым -..... қызылға оранған молишылықты болсын деп.
 Әже.
 Қаз – қаз балам, қаз балам.
 Қадам бассаң мәз болам.
 Құрмеуіңді шешкейсің
 Тұсауыңды кесейін- деп

3.В.К
«Тастар сыры»
Тақырыбы: «Тастардың барлығы қатты ма?»
Әдіс тәсілі:
1.Дид.ойын «Бұл не ?»
(құрылымдалған ойын)
2.Сұрақ-жауап бала үні
3.Бағалау күлегештермен

мағлұмат беру.
 Біздің жеріміз кең-байтақ. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу.Асқар тау,мөп-мөлдір көлдер,неше түрлі өсімдіктер өседі.Жан-жануарлардың алуан түрі тіршілік етеді.

Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.

3. Ой қозғау.

АКТ технологиясы

Балалар мына жануарларды білесіңдерма?



(арқар барыс, қосаяқ, құлан, дала тасбақасы):
Алтай арқары- өте бағалы аң.Биік тау беткейлерін мекендейді.Шөптесін өсімдіктермен қоректенеді.Ол бағалы аң болғандықтан оны аулауға тыйым салынған.
Барыс-мысық тұқымдас жыртқыш аң.Ол басын мәңгі қар басқан тауларды мекендейді.Оның терісі бағалы. Қимылы жылдам, епті.Жемістігін қуғанда 7-8м биітікке дейін секіреді. Олар ойынпаз, қарға аунап ойнағанды жақсы көреді. **Қосаяқ-кішкентай кеміргіш аң.** Сирек кездеседі.Ол өсімдік дәнімен , жемісімен, қоңыз, шегірткемен қоректенеді. Қыстай денесіне жинаған майымен қоректеніп, ұйықтап жатады.

тұсау кеседі.
Балалар: қаз - қаз, балам, қаз балам.
4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
Құрлымдалған ойын: «Топтастыр»
Шарты: Суреттен наурыз мерекесіндегі салт-дәстүрді топтастырып жинақтау
Қорытынды
Әже. Балаларға бата беріп қоитасады.
Бүгін қандай салт-дәстүрмен таныс болдық?
— Бесіктің қандай жабдықтарын білесіңдер?
Балаларды мадақтау.

2. Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы:
Өнер көзі халықта
Мақсаты: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.
Ресурстар: АҚТ технологиясы, аспаптар суреттері.
Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.
ҰОҚ өтілу барысы
Білмеспек келеді.
Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді. Мен ұлттық аспаптарды білмеймін.
-Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім.



Дала тасбақасы шөлде жерлерді мекендейді. Ол қауіп төнгенде, басын сауытының ішіне жиып алады. 150 жылдай тіршілік етеді. Өсімдіктермен қоректенеді. Жылына 3-4 ай ояу, қалған уақытта ұйқыда болады.

Үдеріс арқылы саралау, Блум таксономиясы,

4. Сергіту сәті.

Күн төккен нұрынан
Биік болып өсеміз
Денемізді тік ұстап
Дөңгелене билейміз

5. Пед жет ойын:
«Мұқият бол!»

Шарты: Балалар сипаттамасы бойынша қандай жануар екенін табады.

Ал енді мен сендерге бүгінгі танысқан жануарлардың бір белгісін айтамын, сендер қандай аң екенін табасыңдар.

Құрлымдалған ойын:
«Топтастыр»

Шарты: Сурет арқылы үй жануарлары мен жабайы жануарларды бөліп жинау.

6. Қорытынды.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

Балалар көмектесеміз ба? АКТ технологиясы
Слайд. Ұлттық аспаптар Домбыра, қобыз, жетігенмен таныстыру. домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру.

- Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады. Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады
Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.
Сергіту сәті:
Кәне балалар тұрайық аспапқа қол созайық, Қобызды да ойнайық Домбыраны да тартайық Сыбызғыны сызылтып, Билеп-билеп алайық. Қобызбен таныстыру. Жетігенмен таныстыру.

Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.

Пед жет ойын: «Қай аспаптың үні?»

Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптың суретін көтереді) Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау.

Оқу ортасы арқылы саралау
Топқа бөлу.

Құрлымдалған ойын:
«Бөлігін тап»

Шарты. Берілген

					<p><i>суреттегі аспаптардың бөлігін тауып құрастыру.</i> <i>1-ші топ.</i> <i>Домбыра бөлігін тауып құрастыру.</i> <i>2-ші топ</i> <i>Жетіген бөлігін тауып құрастыру</i> <i>3-ші топ</i> <i>Қобыз бөлігін тауып құрастыру.</i> <i>4К моделі, бала үні, өнім арқылы саралау,Блум таксономиясы,жаппай бақылау.</i> <i>Қорытынды.</i> <i>Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады.</i> <i>Балаларды мадақтау.</i> <i>3. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</i></p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	<p>Серуен № 10 <i>Бақылау. Күнді бақылау.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p>Серуен № 11 <i>Бақылау. Құстарды бақылау.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p>Серуен № 15 <i>Бақылау. Аспанды бақылау.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p>Серуен № 13 <i>Бақылау. Ауа- райын бақылау.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p>Серуен № 12 <i>Бақылау. Аула сытырушы еңбегін бақылау.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>
Серуеннен оралу	<i>Ойын- жаттығу: Мөлдір су</i> <i>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i>				
Түскі ас	<i>.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ұйқы	<i>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.</i>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p><i>№3.Өзімізді уқалау.</i> <i>Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз (3-4рет)</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p><i>№4.Майтабанның алдын алу.</i> <i>Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p><i>№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>	<p><i>№6.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар</i> <i>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай</i></p>	<p><i>№4.Майтабанның алдын алу.</i> <i>Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i></p>

				бақылау.	
ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №1 «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №3 «Төлдерін тап та, көрсет» Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №9 «Қай жануар артық» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №11 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №12 «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Серуен №10 <i>Серуен №10</i> <i>Бақылау. Күнді бақылау. Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату. Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім тұртті?».</i> <i>Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату</i> <i>Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық,шық.</i> <i>Алақай, алақай,</i> <i>Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты</i> <i>Еңбек. Еріген суға жол ашу. Көркем сөз. Арнау өлең о</i> <i>Алақай, алақай !</i> <i>Күн шықты, күн шықты,</i> <i>Жер үстіне нұр шықты</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен №11 <i>. Серуен №11</i> <i>Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар».</i> <i>Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату.</i> <i>Торғай ағаш қорғайды.</i> <i>Шыр-шыр еткен торғайды,</i> <i>Таспен атып торғайды,</i> <i>Қорғамасаң болмайды.</i> <i>Еңбек. Құстарға жем беру. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ,</i> <i>Жерден тары шоқып ап</i> <i>Бөтегесі томпайып,</i> <i>Шиық-шыық десіп отырады</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен №15 <i>Серуен №15</i> <i>Бақылау. Аспанды бақылау. Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру</i> <i>Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», Жеке жұмыс. Жұмбақ жаттату.</i> <i>Ақ сандығым ашыл Ішінен жібек шашылды. (күн)</i> <i>Төбемізде тұрады, Көгілдір боп әрдайым. (аспан)</i> <i>Еңбек. Жапырақтарды жинау.</i> <i>Көркем сөз: Бұлтқа Ақсың, сұрсың, қарасың,</i>	Серуен №13 <i>Серуен №13</i> <i>Бақылау. Ауа- райын бақылау. Мақсаты: Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсыңдар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты»</i> <i>Жеке жұмыс. 1-2 баланы санауға, санды тани білуге үйрету.</i> <i>Еңбек. Телімдегі құмды көтеріп жинау.</i> <i>Көркем сөз. Арнау өлең оқу</i> <i>Алақай, алақай !</i> <i>Күн шықты, күн шықты,</i> <i>Жер үстіне нұр шықты.</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен №12 <i>Серуен №16</i> <i>Бақылау. Транспортты бақылау</i> <i>Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға , айырып атауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталау.</i> <i>Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап»</i> <i>Жеке жұмыс. Екі-үш балаға автобустағы мәдениеттілікті үйрету.</i> <i>Еңбек. Алаңды жинау. Тазалыққа дағдыландыру.</i> <i>Көркем сөз: М</i> <i>Жаманбалинов. «Автобуста Демалыс күн. Автобуста</i>

			<p><i>Қайда қалқып барасың ?</i> <i>- Жерге нөсер төгемін,</i> <i>Өссін гүлдер, көп егін !</i> <i>- Гүл-гүл жайнап өсер көк</i> <i>,</i> <i>Нөсерлетсең,</i> <i>нөсерлет.4К моделі, бала</i> <i>үні, жаппай бақылау.</i></p>		<p><i>көп халық,</i> <i>Отырды олар базарда да</i> <i>топталып.</i> <i>Қоя салды орындықтың</i> <i>астына.</i> <i>«Азаматтар.Алга</i> <i>қарай барыңдар4К моделі,</i> <i>бала үні, жаппай бақылау.</i></p>
<i>СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ</i>					
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>«Қозғалыс және денсаулық» Ақыл –кеңес дене шынықтыру жетекшісі</i>	<i>Мақал-мәтелдер айту. «Кіші үлкенмен керіспес». «Ана баулыған бала епті, Әке баулыған бала есті</i>	<i>Көктем туралы тақпақтарын жатқа айтқызу</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу</i>

Бекітілді:
Қуаныш


ЦИКЛОГРАММА
III апта. 07.03-11.03 Наурыз айы 2022ж.
«Ақбота» ересек тобы


Өтпелі тақырып . «Салттар мен фольклор»
Тақырыпша. «Өнер көзі-халықта»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры-1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Өлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №2 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы жануарларды өз мекеніне орналастыра алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №9 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Қай жануар артық» Мақсаты: Берілген суреттен артық жануарды тауып, сипаттап айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №11 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады. 4К моделі, бала үні.	Картотека №10 <i>Құрлымдалған ойын:</i> Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауды біледі. 4К моделі, бала үні.	Картотека №14 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Дастархан мәзірі» Мақсаты: балалар тағамдардың жалпы және жеке атауын ажыратып атай алады. 4К моделі, бала үні.
Қатынас саласы картотекасына					
Таңертеңгі гимнастика	Наурыз айының 3–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету.№ 4 / бубенмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі санқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Тик-так» 1. Аяқтары ашақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Б.қ.: «Иықтың жүруі» 2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/				

	<p><i>Б.қ.: «Ағаштар тербеледі»</i></p> <p><i>3. Аяқтар алысқа қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/</i></p> <p><i>Б.қ.: «Күнге жетемін»</i></p> <p><i>4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)</i></p> <p><i>Қорытынды:</i></p> <p><i>Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.</i></p>
<i>Таңғы ас</i>	<i>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</i>
<i>Ойындар, ҰОҚ дайындық</i>	<p><i>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау</i></p> <p><i>Тақпақ</i></p> <p><i>Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.</i></p>

<p>Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</p>	<p>1 Математика негіздері. Тақырыбы: «Ұзындық. Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру». Мақсаты: Ұзындық туралы түсініктері қалыптасып, заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшей алады. Ресурстар: АКТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Кіріспе. «Кел, күлейік» Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! - Қазір жылдың қай мезгілі? - Сендер қалай білдіңдер? - Көктемнің бірінші айы қалай аталады? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Жаңа тақырып. «Шартты өлшеуіш көмегімен ұзындықты өлшеу» Пед жет ойын: «Күпия дорба» Дорбаның ішіне ұзындық, масса, өлшейтін заттарды салу. Түсінік беру.</p>  <p>Сызғыш— заттардың ұзындығын өлшейтін құрал. Таразы- дененің массасын анықтайтын құрал. Тәжірибе жасап көрсету. - Балалар кілем үстінде жартты</p>	<p>1. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p> <p>2. Орыс тілі маман жоспары бойынша</p> <p>3. Сурет салу Тақырыбы: «Алтын балық» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салуды біледі. Ресурстар: АКТ технологиясы, аспаптар суреттері. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. Қызығушылықтарын ояту. «Мұхит дыбысы» үнтаспадан тыңдау. Балалар қызығушылықпен тыңдайды және ненің дыбысы екенін айтады. Миға шабул. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Сусыз өмір сүре алмайды, Аяғы жоқ, жүре алмайды. (Балық) Ой қозғау. Балықтар қай жерде тіршілік етеді? (Өзен, көл, мұхит). Балықтың денесі немен қапталған? Балалар балықтарды адамдар не үшін пайдаланады? Қандай тағамдар жасауға болады? Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Аквариуммен танысу және ішіндегі балықпен</p>	<p>1. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Торсық» Мақсаты: Халық шеберлерінің еңбегі торсық туралы түсінеді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанана бақылау ҰОҚ өтілу барысы Кіріспе: Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шанишылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. Балаларды ойын ойнауға шақыру. Пед жет ойын: «Сиқырлы дорба» Ойын шарты. Балалар әр затты мұқият қарап шығып, олардың атын атап береді. кесе, ожау, табақ, торсық) Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Ой қорыту. АКТ көмегімен торсықтың суреттерін көрсету. «Торсық» ыдысының пайдасы, қолданылуы жайында түсінік беру. Сергіту сәті Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір отырып, бір тұрып Бір тынығып алайық Балалар, осы ұлттық бұйым, қымыз құятын әдемі</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз тойы» өлеңі Т. Молдағалиев Мақсаты: Сөздерді анық айтуға, өлеңнің ұйқасын, тақпақтардың ырғағын, келтіріп айта алады. Ресурстар: АКТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Сұрақ жауап Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі неше ай бар? Көктемде қандай өзгерістер болады? Наурызда қандай мерекені тойлаймыз? Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Өлең оқу. Наурыз тойы. Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы -салтымыз, Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді. Жарқырап тұр күніміз, Жайқалсын жас гүліміз, Бақта бұлбұл сайрасын. Сәнді көктем нұрымен, Мағынасын түсіндіру. Мазмұн арқылы сарлау, Блум таксономиясы. Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру. Қорытынды. Қандай мереке туралы білдік? Балалар не туралы айтық? Балаларды мадақтау. Пед жет ойын «Наурыз деген не?» -Күн мен түн теңеледі- Ренжіскен адамдар достасады</p>	<p>1. Құрастыру. Тақырыбы: Гүл (оригами) Мақсаты: Қағазды бүктеу арқылы гүл жасай алады. Ресурстар: Гүл суреттері. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау, Тікелей бақылау. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Адамдардың бәрі әдемілігіне қызығады, Су құймаса сәні бұзылады. (Гүл) Тосын сәт. Қоян келеді. Балалар қоянның көңілі жоқ екен? Сұрап көрейік неге жабырқауды екен? Қоян анасының мейрамына не жасайтынын білмей жүр. Қандай сыйлық жасауға болады? Қоянға көмек Топқа бөлу. 1-топ. Қағазды бүктеу арқылы жасайды. Жұмыс реттілігі: 1. Шаршы қағазды алады. 2. Көрсетілген схема бойынша бүктейді. 3. Жасыл түсті қағаздан сабағымен жапырағын жасайды. 4. Сабағымен жапырағын гүлге біріктіреді. 2-топ. Оригами арқылы гүлді жасайды.</p>
--	--	---	---	---	---

<p>шеңбер болып отырады. Қолдан жасаған ұшақтарын ұшыру. Қәне кімнің ұшағы алысқа ұшады-деп ұшақтарын әр жаққа жіберді.</p> <p>- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты?</p> <p>- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз?</p> <p>Бірінші тәсіл: адым арқылы өлшеу.</p> <p>Тәрбиеші әр аттаған сайын бір дөңгелек қояды.</p> <p>Екінші тәсіл: ара қашықтықты сызғышпен өлшеу.</p> <p>- Біз қай ұшақтың алысқа ұшқанын анықтау үшін қандай шартты өлшеуіштерді қолдандық?</p> <p>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Жаттығуды жасаймыз!</p> <p>Бір дегенде-тік тұрамыз, Екі дегенде- екі рет айналамыз. Үш дегенде -үш рет секіреміз, Төрт дегенде- отырамыз.</p> <p>Құрлымдалған ойын: Ұ(зын – қысқа) Шарты: Заттарды салыстыру</p>  <p>Заттарды ең қысқасынан ең ұзынына қарай сызып қос. Ең ұзын заттарды боя.</p>	<p>таныстыру. Балалар, аквариумдағы балықтардың түрлері қандай екен?</p> <p>- Мына үлкен балықтың түсі қандай?</p> <p>- Бұл балық «Алтын балық» деп аталады.</p> <p>Ендеше балалар осы балықтың суретін салайық. Суретті салмас бұрын, сергіп алайық</p> <p>Сергіту сәті: Суда жүзді балық, Кетпейді ол батып. Алға, оңға, солға Жүзер ізін салып. Қайталаймын қимылын. Тоқта, алтын балық! Сурет салудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру, көрсету. Оқу ортасы арқылы саралау. Топқа бөлу. 1-топ балықты мақталы таяқшамен бояйды. 2-топ балықты саусақ арқылы қабыршықтарын бояйды. Балалардың жұмыстарын бақылау. Жеке көмек көрсету. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Шарты: Жұмысты аяқтағандар, балықтарын аквариумға әкеледі. (екі жақты скоч жабыстырылған ватманда аквариумда балықтар орналасады). Қорытынды. Балаларды мадақтау.</p>	<p>торсықты мүсіндейік. Жұмыс барысы 1. Тұтас ермексаздан конус жасаймыз. 2. Төменгі оң және сол жақ шеттерін созып, жоғары қарай ақырын иеміз. Қауіпсіздік ережелері: Ермексазды ауызға салма. Жұмыс соңында жабысқан ермексазды кескішпен тазала. Жұмыс істеп болған соң, қолыңды сабындап жу. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсету. Креативтілік дағды, сыни ойлау, бала үні. Құрлымдалған ойын: «Шебер қолдар» көрмесін ұйымдастыру. Балаларды жұмыстарын талқылау. Қорытынды . Балалар бүгін біз немен таныстық? Не жасадық? Балалардың жауаптары. Балаларды мақтап, мадақтау.</p> <p>2. Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p>	<p>-7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды Ұлттық ойындар ойналады. -Ешкіммен ренжіспейді;-Жаман сөздер айтпайды; -Жаман қылықтар көрсетпейді. Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағды, жаппай бақылау. Құрлымдалған ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Алтыбақан, киіз үй, бесік берілген заттардың бөлігін тауып құрастыру. Сыни ойлау, командада жұмыс, коммуникативтілік дағды, креативтілік. Қорытындылау Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2..Жаратылыстану Тақырыбы: Су тірішілік көзі Мақсаты: Балалар судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсінеді. Ресурстар: АҚТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Кіріспе: Самал жел бізді желдетіші, Күн нұры бізді жарқырат. Таза ауа дем берші, Мөлдір су бізді салқындат. 2.Ой қозғау. Балалар, «су» деген сөзді естігенде кезде көз алдарына ең алдымен не елестейді? -Су бізге не үшін қажет? - Суды адамдар не үшін пайдаланады? -Жануарлар мен өсімдіктерге не</p>	<p>Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. 4К моделі, бала үні, жанана бақылау. Сергіту сәті. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Пед жет ойын: «Гүл шоғырын құрастыр» Шарты.: түстеріне қарай гүл шоғырын құрастыруды үйрету. Қызыл түске қызыл қызғалдақты, сары түске сары қызғалдақ гүлдерді құрастыруларын ұсынады. Сыни ойлау, креативтілік дағды. Қорытынды. Галерия шарлау әдісі. Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды. Қоян балалардың жұмыстарына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Өнер көзі халықта Мақсаты: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.</p>
--	---	--	---	---



Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, жаппай бақылау.

Қорытынды.

- Шартты өлшеуіштердің көмегімен не істеуге болады?

- Оны біз қандай мысалдар арқылы тексердік?

Балаларды мадақтау.

2..В.К

«Тастар сыры»

Тақырыбы: «Тастардың барлығы қатты ма?»

Әдіс тәсілі:

1. Дид. ойын «Бұл не?»

(құрылымдалған ойын)

2. Сұрақ-жауап бала үні

3. Бағалау күлегештермен

үшін қажет?

Сыни ойлау, бала

үні, коммуникативтілік дағды.

3. Су жайлы видео ролик қараймыз

Балалар ал сендер білесіңдер ме су қайдан, қалай пайда

болатынын? (балалардың жауаптары тыңдалады)

Су өмір бойы айналымда болады.

Ол жаңбырмен жерге түседі, арық болып ағып, өзенді құрайды,


ал содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға

көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып, қайта оралады.

Жаңбырдан аққан кішкентай сулар бірігіп, жылғалар болып,

үлкен теңіз құрайды.

Табиғаттағы судың айналымы туралы сызба-нұсқасы



Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.

Ал, енді сендермен бірігіп бірнеше тәжірибелер жүргізіп көрейік.

Ой қозғау.

І Тәжірибе

Құрылымдалған жұмыс түрі.

«Су — мөлдір»

• Балалардың алдына екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін, қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Суы бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. Яғни, «Су – мөлдір, сүт мөлдір

Ресурстар: АҚТ технологиясы, аспаптар суреттері.

Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.

ҰОҚ өтілу барысы

Қызығушылықтарын ояту.

Білмеспек келеді.


Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді. Мен ұлттық аспаптарды білмеймін.

- Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім.

Балалар көмектесеміз ба?

АҚТ технологиясы

Слайд. Ұлттық аспаптар.



Домбыра, қобыз, жетігенмен таныстыру. домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру.

- Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады. Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады

Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.

Сергіту сәті:

Кәне балалар тұрайық аспапқа қол созайық, Қобызды да ойнайық

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Серуен № 15 Бақылау. Аспанды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 18 Бақылау: Күннің көзін бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 16 Бақылау. Транспортты бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 3 Бақылау. Қараторғайды бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 7 Бақылау. Құстарды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.					
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№1 <u>1. Ояну</u> Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№2. <u>1. Ояну</u> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№3 <u>1. Ояну</u> Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№4 <u>1. Ояну</u> Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	№5 <u>1. Ояну</u> Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека № 4 «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ажырат» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №9 «Үй жануарлары» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №16 «Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека № 20 «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
ТАНЫМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тіркелген)					
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуен № 15 Бақылау. Аспанды бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай</i>	Серуен № 18 Бақылау: Күннің көзін бақылау. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Серуен № 16 Бақылау. Транспортты бақылау	Серуен № 3 Бақылау. Қараторғайды бақылау	Серуен № 7 Бақылау. Құстарды бақылау.

	<i>бақылау.</i>		<i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	<i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	<i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
<i>СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.</i>					
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Ата аналармен балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Консультация для родителей: «Почему дети разные» орыс тілі жетекшісі</i>	<i>«Демалысты тиімді өткізейік» пікір алмасу психолог</i>	<i>«Ән жаттайық қанеки»Ән жаттау музыка жетекшісі</i>	<i>«Балаңыз дұрыс сөйлесін десеніз» ақыл-кеңес логопед</i>



Бекітілді:
Кузнецов

ЦИКЛОГРАММА
IV апта 14.03.-18.03 Наурыз айы 2022ж
«Ақбота» ересек тобы

Өтпелі тақырып. «Салттар мен фольклор»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Таным Математика негіздері-1 2.Шығармашылық Музыка -0.5(2/4) 3. В.К Ғажайып тастар сыры-1	Сейсенбі 1.Денсаулық Дене шынықтыру-1 2.Қатынас Орыс тілі-0.5(1/3) 3.Шығармашылық Сурет салу-1	Сәрсенбі 1.Шығармашылық Жапсыру-0,5 (2/4) Мүсіндеу-0,5 (1/3) 2.Денсаулық Дене шынықтыру-1	Бейсенбі 1.Қатынас Көркем әдебиет-1 2.В.К «Әсем бояулар-1» 3.Шығармашылық Музыка-1 4.Таным Жаратылыстану-1	Жұма 1.Таным Құрастыру-0.5 (1/3) 2.Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0.5 (2/4) 3.Қатынас Сөйлеуді дамыту-1 4.Денсаулық Дене шынықтыру-1
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	<i>Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу</i>				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №3 <i>Пед жет ойын:</i> «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы біледі, мезгілдердің атауларын айта алады. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека №11 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, мамандық иелерін ажырата алады. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека №15 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Қоянға көмектесеміз» Мақсаты: Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратып айта алады. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека №1 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген заттары-ның аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айта алады. <i>4К моделі, бала үні</i>	Картотека №5 <i>Құрлымдалған ойын:</i> «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. <i>4К моделі, бала үні</i>
ТАНЫМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)					
Таңертеңгі гимнастика	Наурыз айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету.№ 5/құралсыз, барабанмен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. «Зырылдауық» - кеудені оңға, солға бұрып жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. Шеңбер бойы тұру, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Б.қ.: «Келісу» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары көтеріп, төмен түсіру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет /				

	<p>Б. қ.: «Балетші» 2. Қолдары белде. 1- оң аяқтың ұшын оң жаққа созамыз, бастапқы қалыпқа келу; 2- сол аяқтың ұшын солға созамыз, бастапқы қалыпқа келу. /6 рет / Б.қ.: «Зырылдауық» 3. Аяқтар алиақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан – солға, солдан – оңға қарай айналдыру. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Биік, аласа» 4. Аяқты алиақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып «аласа» деп айту, тұру – «биік» деп айту. / 5 рет қайталау/ Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру. «Кұс» - аяқтың ұшымен бірқалыпты жеңіл жүгіру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жай жүру.</p>				
Таңғы ас	<p>Ойын- жаттығу . «Таза қолдар». Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</p>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Күн шуағын шашады, Жауын да жауып алады. Көктем келіп жеткенде, Ағаштар бүршік жарады.</p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Мақсаты: Заттың санын цифрмен сәйкестендіре алады. Ресурстар: Дидактикалық материалдар. Әдіс-тәсілдер:4К моделі, бала үні, саралау, бақылау ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем. - Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай. Наурыз, сәуір, мамыр. Пед жет ойын: «Тыңда, сана, көрсет» ойын-жаттығуы. Шарты: Балалар, үстелдерінде цифрлар жатыр. Мен қол шапалақтамаймын, ал сендер мұқият тыңдап, соған сәйкес цифрды көрсетіңдер. 1ден-5 ке дейінгі сандар. Сыни ойлау, командада жұмыс, Тосын сәт. Қоян келеді.</p>	<p>1.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша 2 Сурет салу. Тақырыбы: «Ағаштар бүршік жарғанда» Мақсаты: Ағаш бұтақтарының, жапырақтары немесе гүлдері бар бұталардың (қызыл тал, мимоза, шырша, терек) суретін олардың өсіп тұрған түріне қарап сала алады. Ресурстар: әр балаға ақ қағаз, бояу, мақта таяқшасы. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау ҰОҚ жүргізілу барысы Кіріспе: Балалар көңіл – күйлерің қалай? 1. Ой шақыру Пед жет ойын: «Ойлан тап»</p>	<p>1.Жапсыру Тақырыбы: «Гүл салынған құмыра» Мақсаты: Балалар гүл туралы түсініп, гүлдің бөліктерін жасай алады «Тілек шоғы» жылудық шеңбері. Балалар бір-біріне гүл беру арқылы тілек айтады. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Суықта солмайды, Аязда тоңбайды. (жасанды гүл) Көркіне көрік, Жазға серік. Не? (гүл) Ой дамыту -Гүл туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап . – Гүл нешеге бөлінеді? -Гүл өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу , су,ауа. Сыни ойлау, коммуникатив дағды.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Көктем өрнегі. Мақсаты: Көктем мезгілі туралы түсіне отырып, көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын айта алады Ресурстар: әр балаға ақ қағаз, бояу, мақта таяқшасы. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау ҰОҚ жүргізілу барысы: Кіріспе: Аспан ашық , көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр. Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс. Пед жет ойын: «Ненің даусы?» Шарты: Үнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі. -Ненің дауысын естіп тұрсыңдар?</p>	<p>1. Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: «Ұлттық киім мен әшекейлер» Мақсаты: Балалар ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен танысады. Ресурстар: АҚТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Кіріспе: Күн сәуле шашқаның үшін рахмет! Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет! Аспан таза ауаң үшін рахмет! Ағаш көлеңкең үшін рахмет! Миға шабуыл Пед жет ойын: «Кім</p>

<p>Қоян: Сәлематсыздар ма, балалар! Балалар қоянмен амандасады. Сәлематсыз ба қоян, көңілісің зой?</p> <p>Қоян: Ия балалар бүгін менің туған күнім, маған қасқыр сыйлық берді.</p> <p>Сыйлығыңды бізге көрсетесің бе? Қасқыр саған не сыйлады екен?</p> <p>Қоян: Білмедім? Ендеше сыйлықты бірге ашып көрейік.</p> <p>Қоян: Ой балалар мына қораптың ішінде дым жоқ қой! Сонда мені қасқыр алдағаны ма?</p> <p>Қоян тоқта ренжіме қораптың ішінде хат жатыр. Хатты ашып көрейік.</p> <p>Қоян қасқыр саған тапсырмалар беріпті сол тапсырманы орындасаң сыйлығыңды табасың депті.</p> <p>Қоян: Қандай тапсырма?</p> <p>Қоян: Ооооо, балалар тапсырманы орындауға маған көмектесесіңдер ме?</p> <p>Балалар қоянға көмектесеміз бе?</p> <p>1 тапсырма: Құрлымдалған ойын: «Сан қатары»</p> <p>Шарты: Балаларға жеке карточкалар таратылып беріледі.</p> <p>0....2....41.....3.....5 5....3....1.....4.....2.....0</p> <p>Сыни ойлау, командада жұмыс.</p> <p>2 - тапсырма: Құрлымдалған ойын: «Қай пішінге ұқсас?»</p> <p>Шарты: Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі. Жанындағы бос төркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді.</p> <p>Сыни ойлау, бала үні</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Кел санайық, екеуміз. Бас бармағым - папам, Балаң үйрек - апам.</p>	<p>Жұмбақ жасыру. Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай–салаға толады. Ағаш басы бүршік шашып, Гүл, бәйшешек толады. Бөбектерім, айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады? – деп ойлайсыңдар. Мағынасын түсіндіру. – Неге көктем мезгілі деп ойлаймыз? – Көктем мезгілінің қыс мезгілінен қандай ерекшелігі бар?</p>   <p>Сыни ойлау, коммуникатив дағды.</p> <p>Бақылау. -Далаға қарайық не көріп тұрсыңдар? -Қар бар ма? - Көктемде ағашта нелер пайда болады?</p> <p>Сыни ойлау, бала үні.</p> <p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру,</p>	<p>Тосын сәт: Қолында гүлі бар әже келеді. Балалар әжемен амндасады. Әже. Бүгін менің немерем Әселдің туған күні еді маған сыйлық жасап беруге көмектесіңдер ма? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Сергіту сәті. Топқа бөлу. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. 1-топ қиындылары арқылы, гүлді жапсырады 2-топ дайын қиылған гүлді құмыра жасап жапсырады. Балалардың жұмысын бақылау. жеке көмек көрсету. 4К моделі, баа үні,жанама бақылау. Құрлымдалған ойын «Біздің көрме» Көрме ұйымдастыру Әже балалардың жұмыстарын мадақтайды. Балалар әжеге жасаған гүлдерін береді. Қорытынды. Балалардың жұмысын қорытындылау. Рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау</p> <p>2.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p>	<p>-Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді? Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды. Ой қозғау. Сұрақ – жауап -Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Көктем мезгілі сендерге ұнай ма? Көктем өрнегі Е.Өтетілеу ұлы. Өлең жолдарын оқып, түсіндіру. Қар еріді,су ақты, Күндер кедлді шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты. Блум таксономиясы Бір қадам әдісі арқылы өлеңді жаттау. П/Ж ойын: «Жақсы мен жаман» Мақсаты:Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру. 1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жәлу. 7) Құстарға ұя жасау. Балаларды мадақтау. Құрлымдалған ойын: «Суретті жандандыр» Шарты: Көктем мезгілінің суреттерін ретімен қою. 4К моделі, Өнім арқылы саралау, жаппай бақылау. Қорытынды. Балалар не туралы әңгімелестік? Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады екен? 2.В.К «Әсем бояулар» Тақырыбы: «Сиқырлы орманға</p>	<p>тапқыр?» Шарты: Киімдер туралы берілген жұмбақты шапшаң шеше білу Қызығушылықты ояту АҚТ технологиясымен Тосын сәт. Қуыршақ Айгүл келеді. Балаларды ұлттық киімдер көрмесінен тамашалауға шақырады. -Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? Бұл көрмеде әртүрлі ұлттардың киімдері бар екен. Қандай киімдер көріп тұрсыңдар? Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. Құрлымдалған ойын. «Кімнің заты ажырат» Шарты: Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен бойды. Қорытынды. Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау 2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Көктемде» Мақсаты: Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолда алады.</p>
---	---	---	--	--

Орман терек - ағам
Шылдыр шүмек - мен
Титтей бөбек - сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.
3 - тапсырма:
Екі қаз ұшып барады,
Биіктен төмен қарады.
Аяқ нешеу, бас нешеу?
Жауабын кім табады?
-Алма бағы жайнаған,
Қызыл алма айналам.
Алдым үзіп екеуін,
Тағы да алдым екеуін,
Алдым сонда нешеуін?
Балаларды мадақтау.
Пед жет ойын: : «Қандай цифр көріп тұрсыңдар».



4-тапсырма.
Пед жет ойын: «Айырмашылығын тап»



Шарты: Балалар қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салуы қажет. орындап, сұрақтарға жауап береді.
Қорытынды.
Пед жет ойын: «Математикалық жұмбақтар»

көрсету.
Балаларды топқа бөлу
Оқу ортасы арқылы саралау.
Топқа бөлу.
1-Топ. Кляксография әдісін арқылы сурет салады.
2-Топ. Бояуды пайдаланып сурет салады.
Балалардың жұмыстарын бақылау.
Жеке көмек көрсету.
Құрлымдалған ойын «Біздің көрме»
Көрме ұйымдастыру
Қорытынды.
Балалардың жұмысын қорытындылау.
Біз бүгін ненің суретін салдық?
Суретті немен салдық?
Балалар, көктемде ағаштарда не пайда болады?
Сыни ойлау, коммуникатив дағды.
Балаларды мадақтау.

саяхат»
Әдіс тәсілдері:
1.Компазициямен жұмыс жұмыс
4к креативтілік,топтықжұмыс
2.Сұрақ-жауап Бала үні
3.Бағалау көңілді күлегеитермен
3.Музыка маман жоспары бойынша
4. Жаратылыстану
Тақырыбы:
Көктем келді аулама **Мақсаты:**
Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін өз ойымен айта алады.
Ресурстар: Дидактикалық материалдар.
Әдіс-тәсілдер:4К моделі, бала үні, саралау, бақылау
1.Балалармен амандасу
2.Өлең оқу.
Көктем келді шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай!
Құстар сайрап, бақтар жайнап,
гүл атты.
Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты.
Алақай-ау, алақай!
Көктем қандай, көктем қандай көрікті!
3.Ой қозғау
Сұрақтар қою
-Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған?
-Оны қандай белгілері арқылы білдіңдер?
Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, коммуникативтілік дағды.
4. Ой дамыту.
Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды.
Табиғаттағы өзгерістер туралы толықтыру. Балаларға сұрақтар

Ресурстар:
Дидактикалық материалдар.
Әдіс-тәсілдер:4К моделі, бала үні, саралау, бақылау
ҰОҚ жүргізілу барысы
Миға шабул.
Пед жет ойын: «Кім жылдам?»
Жұмбақ жасару.
Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай-салаға ағады.
Мал маңырап, қой жамырап,
Өріс малға толады.
Бүршік шашып, жапырақ ашып,
Бәйшешек гүл жарады.
-Кім айтады, бұл қай кезде болады?
Әрине, дұрыс айтасыңдар балалар! Қазір көктем мезгілі.
-Балалар көктем айларын кім айтады?
-Қазір қандай ай?
-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды, жаппай бақылау.
Балаларды топқа бөлу.
1-топ Көктем
2-топ Бәйшешек
3-топ Күн
1-тапсырма.
Пед жет ойын:
«Суреттер сөйлейді»
Шарты: Көктем туралы суретке қарап әңгіме құрастыру.
Әр топ суретке қарап әңгіме құрайды.


-Екі мысықтың құйрығы нешеу?
 -Қоянның неше құйрығы бар?
 -Екі балада неше құлақ бар?
 -Екі күшіктің мұрны нешеу?
 -Үш сиырдың басы нешеу?
 Жарайсыңдар! Қоянға көп көмек көрсеттіңдер. Қасқырдың тапсырмаларын орындап қоянның сыйлығын тауып бердіңдер. Өздеріңнің ойларыңды, тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер. Мадақтау.

2.Музыка
 Педагог жоспары бойынша

3.В.К
 «Тастар сыры»
 Тақырыбы: «Тастардың барлығы қатты ма?»
 Әдіс тәсілі:
 1.Дид.ойын «Бұл не ?»
 (құрылымдалған ойын)
 2.Сұрақ-жауап бала үні
 3.Бағалау күлегештермен

қою.
 - Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
 - Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдер? Қазір қандай ай?
 - Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? (тырналар, қарлығаштар, қарғалар, сары шымшық)
 -Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады? (бәйшешек,қызғалдақ)
 - Көктемде қандай жұмыстар жасалады?
 (Көктемде ауланы, көшелерді тазартады, ағаштардың түбінің топырағын қопсытады, ағаштарды әктейді, құстарға ұя жасайды, ағаштар егеді)
 - Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік?
 Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы.

5.слайд. Көктем мезгілі.



- Балалар осы суретімізге ат қояйықшы, қандай ат қойғыларың келеді?
 Сыни ойлау, коммуникатив дағды.
Пед жет ойын: «Жер, су, ауа»
 «Жер» десе, допты қағып алған бала бір үй жануарын немесе жабайы аңның аты айтады..
 «Ауа» дегенде бір құс айтылуы тиіс. Ал «Су» дегенде суда жүзетін құстың, көліктің атын

2-тапсырма.
Пед жет ойын:
 «Даусынан таны»
 Құстардың даусын аудиодан тыңдап қай құстың даусы екенің айтады.
 Сергіту сәті
 Тербеледі ағаштар,
 Алдымнан жел еседі.
 Кіп - кішкентай ағаштар,
 Үлкен болып өседі.

3-тапсырма.
 Құрлымдалған ойын:
 «Шебер қолдар»
 Шарты: Әр топқа түсіндіру алдарына үлгісін көрсету.
 1 топ: Ағаштың бейнесін жаспыру
 2 топ: Ұяны қиылған пішіндерден ұя жаспыру.
 3 топ: Құстың суретін

баяту
 Креативтілік дағды,
 сыни ойлау, жанама бақылау.
4-тапсырма
 «Тыйым сөздер»
 Әр топ жарыса тыйым сөздер айтады.
 4К моделі, бала үні.
 Балаларды мадақтау.
 Қорытынды.
 Әр топты мадақтау.
 Жұлдызшалар тарату.

3.Дене шынықтыру маман жоспары бойынша

				<p>айтуы керек.</p> <p>7. Бақылау. Даладан ағаш бұтақтарын алып келгенін көрсету. Балаларға мұқият қарауға ұсыныс тастау. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және даладағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер тұрғанын айту. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құйып күнделікті осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады.</p> <p>Топтық жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Көктем көрнісі» Шарты. Көктем көрнісін</p> <p>6. Қорытынды. Балаларды мадақтау.</p>	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	<p>Картотека №1 Ауа райын бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Картотека № 3 Желді бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Картотека № 4 Аспанды бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Картотека № 5 Бұлтты бақылау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>
КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген					
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p>Жаттығу кешені №5. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Жаттығу кешені №15. Тыныс алу жаттығуы: 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Жаттығу кешені №19. Велосипед тебу. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Жаттығу кешені №22. Балалар ұйқыдан оянады. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Жаттығу кешені №26. Асығыңдар жаттығуға. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп				

	<i>Торғайларға тастаңдар</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №2 «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №4 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №10 Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №16 «Үй жануарлары Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №15 «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)					
Серуенге дайындық	<i>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №3 Желді бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №4 Аспанды бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №5 Бұлтты бақылау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i>
СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.					
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ата – аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата – аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу</i>	<i>Қайшымен жұмыс жасап үйрету, қауіпсіздік шараларына, көңіл бөлу, барлық балалармен жұмыс.</i>	<i>Тақпақтар жаттап үйренейік. Төлем ақы туралы ескерту.</i>	<i>Медбикенің кеңесі: Ата-анаға балаларды жұқпалы аурудың алдын алу жайлы кеңес беру</i>